

**"Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландыру жөніндегі Нұсқау туралы әкімдіктің 2006 жылғы 20 ақпандағы № 35 "а" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 6 тамыздағы № 167 қаулысы. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 11 қыркүйекте № 9-19-110 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 14 мамырдағы № 120 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 14.05.2014 № 120 қаулысымен (осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).*

Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексінің 56 бабына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 28 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына сәйкес, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландыру жөніндегі Нұсқау туралы" әкімдіктің 2006 жылғы 20 ақпандағы № 35 "а" қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 9-19-17 тіркелген, 2006 жылғы 13 сәуірдегі "Нұрлы жол" газетінде жарияланған) аудан әкімдігінің 2006 жылғы 20 ақпандағы № 35 "а" қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізілді: "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландыру жөніндегі Нұсқау туралы" аудан әкімдігінің 2006 жылғы 20 ақпандағы № 35 "а" қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" аудан әкімдігінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі № 93 қаулысымен (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 9-19-101 тіркелген, 2009 жылғы 7 мамырдағы № 19 "Нұрлы жол" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

кіріспедегі "53" сандарын "56" сандарымен ауыстырылсын;

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ұзынкөл ауданының әкімі*

*А. Сейфуллин*

**КЕЛІСІЛДІ:**

"Ұзынкөл ауданының жұмыспен  
қамту және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімі" мемлекеттік мекемесі,  
бастықтың орынбасары  
----- Г. Асқарова

6 тамыздағы 2009 жылғы

"Ұзынкөл ауданының қаржы бөлімі"  
мемлекеттік мекемесі, бастық  
----- Ә. Сарсенова

6 тамыздағы 2009 жылғы